

Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауыл округі, Қаржан елді мекенінің шекарасын өзгерту туралы

Бірлескен Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 7 қаулысы және Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 23/136-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 8 қаңтарда № 4377 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес, ауданың ауылшаруашылығы және жер қатаинастары мен құрылышы, сәулет және қала құрылышы бөлімдерінің бірлескен ұсынысы негізінде Қазығұрт ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Қазығұрт аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазығұрт ауданы, Алтынтөбе ауыл округі, Қаржан елді мекенінің барлығы 575,4 гектар жеріне 3,0 гектар жайылым жер қосылып, Қаржан елді мекенінің аумағы 578,4 гектарға ұлғайтылып, шекарасы өзгертилсін.

2. "Қазығұрт аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгілеген тәртіпте:

1) осы бірлескен қаулы және шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы және шешімі мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолдануын;

3) осы бірлескен қаулы және шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы және шешімді Қазығұрт аудандық мәслихаттың интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімі

T. Телғараев

Аудандық мәслихат
сессиясының төрагасы

C. Тұргараев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК